

"Жарнама туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 8 тамыз N 887

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Жарнама туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Жарнама туралы

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Заңның мақсаттары

Осы Заңның мақсаттары жарнаманы жасау, тарату (орналастыру) және пайдалану үшін оны тұтынушылардың, жарнама берушілердің, жарнама жасаушылардың және жарнама таратушылардың мүдделеріне сай келетін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады.

2-бап. Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заң жарнама жасайтын, тарататын (орналастыратын) әрі пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың қызметі процесінде туындайтын қатынастарға қолданылады.

2. Осы Заң жеке тұлғалардың хабарландыруларына, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруларына байланысы жоқ хабарландыруларына қолданылмайды.

3-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жарнама - адамдардың белгіленбеген топтарына арналған әрі жеке, заңды тұлғаларға, тауарларға, тауар белгілеріне, қызмет көрсетулерге, жұмыстарға, идеяларға

және бастамаларға қызығушылық қалыптастыруға немесе қолдауға және оларды сатуға жеке немесе заңды тұлғалар, тауарлар, тауар белгілері, қызмет көрсетулер, жұмыстар, идеялар және бастамалар (жарнамалық ақпарат) туралы кез келген құралдардың көмегімен кез келген нысанда таратылатын (орналастырылатын) ақпарат;

2) жөнсіз жарнама - оның таратылу (орналастыру) мазмұнына, уақытына, орнына және тәсіліне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптардың бұзылуына жол берілген теріс пиғылды, шынайы емес, әдепсіз, көпе көрінеу жалған және өзге де жарнама ;

3) жарнама беруші - жарнама жасау, тарату (орналастыру) үшін жарнамалық ақпарат көзі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;

4) жарнама жасаушы - жарнамалық ақпаратты таратуға (орналастыру) дайын нысанға келтіруді жүзеге асырушы жеке немесе заңды тұлға;

5) жарнама таратушы - мүлікті, соның ішінде теле- және радио хабарларын таратудың техникалық құралдарын ұсыну және (немесе) пайдалану арқылы және өзге де тәсілдермен жарнамалық ақпаратты таратуды (орналастыруды) жүзеге асырушы жеке немесе заңды тұлға ;

6) жарнама тұтынушылар - жарнама арналатын белгіленбеген тұлғалар тобы.

4 - б а п . Ж а р н а м а т у р а л ы з а ң д а р

1. Жарнама туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларынан, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

5-бап. Жарнамаға авторлық құқық және сабақтас құқықтар

Жарнама толық немесе ішінара авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектісі болып табылуы мүмкін. Авторлық құқықтар мен сабақтас құқықтар Қазақстан Республикасының заң актілеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес қорғалуға тиіс.

6-бап. Жарнама саласындағы мемлекеттік реттеу

1. Жарнама саласындағы мемлекеттік реттеу деп нормативтік құқықтық актілермен белгіленетін жарнама жасау мен таратуды (орналастыруды) бақылау ұғынылады.

Жарнама саласындағы мемлекеттік реттеуді тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілген олардың құзыреті шегінде жүзеге

а с ы р а д ы .

2. Жарнама саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты:

- 1) ұлттық мүдделерді қорғау;
- 2) жөнсіз жарнаманың, сондай-ақ қоғамдық құндылықтар мен жалпы қабылданған моральдық нормаларға қол сұғушылықтың алдын алу және жолын кесу;
- 3) теріс пиғылды бәсекеден қорғау болып табылады.

2-тарау. Жарнамаға қойылатын жалпы және арнайы талаптар

7-бап. Жарнамаға қойылатын жалпы талаптар

1. Жарнама тарату (орналастыру) нысанына немесе пайдаланылатын құралына қарамастан шынайы, оны ұсыну сәтінде арнаулы білімсіз-ақ немесе арнаулы құралдарды қолданбай-ақ нақ сол күйінде танылатын болуы тиіс.

2. Қазақстан Республикасының аумағындағы жарнама мемлекеттік тілде және орыс тілінде әрі жарнама берушінің ұйғарымы бойынша басқа да тілдерде таратылады (орналас т ы р ы л а д ы) .

3. Белгіленген тәртіппен тіркелген тауар белгілері және логотиптер түпнұсқа тілінде және (немесе) кез келген тілде келтірілуі мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жасауға және сатуға тыйым салынған тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жарнамалауға жол б е р і л м е й д і .

Егер, жарнама беруші жүзеге асыратын қызмет лицензиялауға жататын болса, онда тиісті тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жарнамалау кезінде, сондай-ақ жарнама берушінің өзін жарнамалау кезінде лицензия нөмірін және лицензияны берген органның атауын көрсету қажет.

5. Жарнама Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, аумақтық тұтастығын бұзуды, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, жыныстық, таптық және рулық артықшылықты, қатыгездікті, зорлық пен порнографияны насихаттауға немесе үгіттеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясын құрайтын мәліметтерді және өзге де заңмен қорғалатын құпияларды таратуға пайдаланылмауға тиіс; азаматтарды зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке, агрессияға, үрей шақырмауға, сондай-ақ өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) ұмтылдырмауға тиіс.

6. Жарнамаға қойылатын шектеулер Қазақстан Республикасының заң актілерімен б е л г і л е н е д і .

8-бап. Жөнсіз жарнама түрлері

1 . М ы н а л а р :

1) жарнамаланатын өнімдерді, көрсетілетін қызметтерді, жұмыстарды, идеялар мен бастамаларды басқа жеке және заңды тұлғалардың өнімдерімен, көрсетілетін қызметтермен, жұмыстарымен, идеяларымен және бастамаларымен салыстыру туралы ақпарат, сондай-ақ олардың абыройына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін басқа адамдардың сөздері, бейнелері бар;

2) ұқсату (басқа өнімдерді жарнамалауда пайдаланылатын тауарлардың фирмалық атауын, тауар белгісін, фирмалық орауышын, сыртқы ресімделуін, формулаларын, бейнелерін және басқа да коммерциялық белгілеулерін көшіру) не жеке тұлғалардың сенімін немесе олардың тәжірибесінің, білімінің жеткіліксіздігіне, соның ішінде жарнамада ақпараттың елеулі бөлігінің болмауына байланысты теріс пайдалану арқылы жарнамаланатын өнімдерге қатысты тұтынушыларды жаңылыстыруы мүмкіндігі бар ;

3) жеке не заңды тұлғалардың, басқа адамдардың өнеркәсіптік немесе сауда қызметінің беделін түсіруге әсер ететін кәсіпкерлік қызметте жүзеге асырылатын тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) туралы жалған пікірлері бар;

4) пайдаланылуы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде тауардың (жұмыс және көрсетілетін қызмет) сипатына, дайындау тәсіліне, қасиетіне, қолдануға жарамдылығына немесе санына қатысты жаңылыстыруы мүмкін сілтемелері немесе пікірлері бар ;

5) жарнамаланатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) пайдаланбайтын жеке немесе заңды тұлғалардың беделін түсіретін, қорлайтын немесе мазақ ететін жарнама теріс пиғылды болып табылады.

2 . М ы н а л а р ғ а :

1) өнімдердің табиғаты, құрамы, дайындау тәсілі мен күні, мақсаты, тұтыну қасиеттері, пайдалану шарттары, сәйкестік сертификатының, сертификат белгілерінің және мемлекеттік стандарттарға сай белгілерінің болуы, саны, шығарылған жері сияқты сипаттамаларына ;

2) өнімнің рынокта болуына, оны белгілі бір орында сатып алу мүмкіндігіне;

3) жарнама тарату сәтіндегі өнімнің құнына (бағасына);

4) ақы төлеудің қосымша шарттарына;

5) өнімдерді жеткізуге, айырбастауға, қайтаруға, жөндеуге және қызмет көрсетуге;

6) кепілдік міндеттемелерге, қызмет мерзімдеріне, жарамдылығы мерзімдеріне;

7) болжамды қолдану нәтижелеріне;

8) заңды тұлғаның зияткерлік қызметінің және оған теңестірілген даралау құралдарының, өнімнің, орындалған жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің нәтижелеріне берілуін ерекше құқыққа;

9) мемлекеттік нышандарды (елтаңба, жалау, әнұран), сондай-ақ халықаралық ұйымдардың рәміздерін пайдалану құқығына;

10) ресми тануға, медальдар, сыйлықтар, дипломдар және өзге де марапаттаулар алуға ;

11) егер ол серияның бір бөлігі болып табылса, өнімдердің толық сериясын сатып алу тәсілдері туралы ақпарат ұсынуға ;

12) зерттеулер мен сынаулар нәтижелеріне, ғылыми терминдерді, техникалық, ғылыми және өзге де жарияланымдардан сілтемелерге ;

13) басқа өнімдермен салыстыруға, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалардың құқықтарына ;

14) олардың негізділігін асыра көрсетушілік түрінде ұсынылмауы тиіс статистикалық деректерге ;

15) дайындаушының, сатушының, мердігердің немесе қызмет көрсететін тұлғаның мәртебесіне және құзыреттілік деңгейіне қатысты шынайы емес мәліметтер бар жарнама шынайы емес деп танылады.

3. Мыналар :

1) жеке тұлғалардың нәсіліне, ұлтына, тіліне, мамандығына, әлеуметтік санатына, жынысына, діни, философиялық, саяси және өзге де нанымына байланысты намысқа тиетін сөздерді, салыстыруларды, бейнелерді пайдалану арқылы жалпы қабылданған адамгершілік және мораль нормаларын бұзатын мәтіндік, көру, дыбыстық ақпараты бар ;

2) ұлттық немесе әлемдік жетістік болып табылатын өнер, мәдениет объектілеріне, тарих ескерткіштеріне нұқсан келтіретін ;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандарына (жалау, әнұран), ұлттық валютасына немесе шет ел валютасына, діни нышандарға нұқсан келтіретін жарнама әдепсіз болып табылады .

Абыройына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік қабілетіне кір келтіретін мәліметтер бар жарнама жасалғаны және таралғаны (орналастырылғаны) туралы мәлім болған жеке немесе заңды тұлға жарнама берушілерден мұндай жарнаманы дәл сол таралған (орналастырылған) тәсілмен теріске шығаруды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен өз мүдделерін қорғауға талап етуге құқылы.

4. Оның көмегімен жарнама беруші (жарнама жасаушы, жарнама таратушы) жарнама тұтынушыны қасақана жаңылыстыруға әкеп соқтыратын жарнама көпе көрінеу жалған жарнама болып табылады.

5. Тұтынушының қабылдауына радио, теле, бейне, дыбыс, және кино өнімдерінде, сондай-ақ өзге де өнімдерде, соның ішінде арнаулы бейне қойылымдарды, қосарласқан дыбыс жазбаларын пайдалану арқылы және өзге де тәсілдермен әсері сезінбейтін жарнама жасырын жарнама болып табылады.

6. Жөнсіз жарнамаға тыйым салынады.

9-бап. Теле және радиобағдарламалардағы жарнама

1. Теле және радиобағдарламалардағы жарнама сипатындағы хабарламалар мен материалдарға мамандандырылмаған жарнама бір тәуліктегі хабарлардың жалпы көлемінің он пайызынан аспауы тиіс.

2. Салу түріндегі, соның ішінде "жүгіртпе жол" тәсілімен жарнаманы пайдалану кезінде оның көлемі кадр алаңының бес пайызынан аспауы тиіс.

3. Балаларға арналған бағдарламаларды, білім беру бағдарламаларын, діни бағдарламаларды, ресми хабарлар таратуды, өкілді органдарға депутаттыққа кандидаттардың сөзін жарнамамен үзуге тыйым салынады.

10-бап. Кино, бейне және анықтамалық қызмет көрсетулердегі жарнама

1. Сериялар арасындағы үзілістерді қоспағанда, кино, бейне және анықтамалық қызмет көрсетулердегі фильмнің қойылымын жарнамамен үзуге тыйым салынады.

2. Анықтамалық қызмет көрсету кезінде жарнама абонент сұратқан анықтаманың хабарынан кейін ғана беріледі.

3. Ақылы анықтамалық, компьютерлік және өзге де қызмет көрсету кезінде жарнама абонент келісімімен ғана беріледі. Мұндай жарнаманың құны абонент сұратқан анықтаманың құнына кірмеуі тиіс.

11-бап. Сыртқы (көрнекі) жарнама

1. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендерде және жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдарында бөлінген жиектерінде тарату плакаттар, стендтер, жарық беруші табло, билбордтар, транспаранттар, жарқағаздар және өзге де тұрақты объектілерді орналастыру түрінде осы баптың 2, 3, 4-тармақтарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Сыртқы жарнама қозғалыс қауіпсіздігінің деңгейін төмендетпеуі, жол белгілерімен және сілтемелермен ұқсас болмауы, олардың көрінуін немесе қабылдау тиімділігін нашарлатпауы, жол пайдаланушылардың көзін байламауы не олардың назарын өзіне аудармауы тиіс.

Осы баптың мақсаттары үшін сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру жарнамалық ақпаратты тұтынушылардың назарына жарнамаларды тұрақты орналастырылатын объектілер көмегімен жеткізу деп ұғынылады, олар кеңістікте қозғалмауымен сипатталады.

2. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға:

1) жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында бөлінген жиектерінде жарнама объектілерін орналастыру кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген

тәртіппен автомобиль жолдары мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілі бір мерзімге беретін құжаты;

2) жергілікті атқарушы органдардың елді мекендерде сыртқы жарнаманы орналастырудың тәртібі мен шарттарында белгіленген талаптарға сәйкес берілетін рұқсаты болған жағдайда рұқсат етіледі.

3. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруға салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерлерде төлемақы алынады.

4. Осы баптың 2-тармағында белгіленген уәкілетті органдар салық заңдарында белгіленген тәртіппен рұқсат құжаттары берілгендігі туралы мәліметтерді салық қызметі органдарына ұсынуға міндетті.

12-бап. Көлік құралдарындағы жарнама

Көлік құралдарында жарнама тарату (орналастыру) жол қозғалысының қауіпсіздігі ережелерін сақтай отырып, егер заңда немесе шартта осы мүлікке заттық құқығы бар тұлғаларға қатысты өзгеше көзделмесе, көлік құралдары иелерімен және көлік құралдарына өзге де заттық құқықтары бар тұлғалармен жасалған шарттың негізінде жүзеге асырылады.

13-бап. Жекелеген өнім түрлерін жарнамалау ерекшеліктері

1. Мыналарға:

1) алкоголь өнімдерін кәмелетке толмағандар арасында жарнамалау мақсатында тегін таратуға;

2) алкоголь өнімдерінің жарнамалық роликтерінде оларды тұтыну процесі мазмұндалатын бейнелеулерді көрсетуге;

3) мамандандырылған басқа басылымдарын қоспағанда, алкоголь өнімдерін газеттердің бірінші беттерінде, журналдардың және өзге де мерзімдік басылымдардың мұқабасында жарнамалауға;

4) алкоголь өнімдерін кәмелетке толмағандарға арналған бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалауға;

5) сырадан басқа алкоголь өнімдерін сыртқы (көрнекі) жарнаманы таратуға;

6) кәмелетке толмағандарға арналған іс-шараларға, сондай-ақ спорттық іс-шараларға демеушілік көрсету кезінде алкоголь өнімі атауын, бейнесін немесе тауар белгісін пайдалануға;

7) ана сүтінің жасанды алмастырушысын жарнамалауға;

8) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тіркелмеген діни ұйымдар мен діни оқу орындарын жарнамалауға;

9) Қазақстан Республикасында міндетті сертификациялауға жататын,

сертификациялаудан өтпеген тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді
ж а р н а м а н ы а л а у ғ а ;

10) мәдени ескерткіштер, ғұрыптық объектілер, табиғи кешендер, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы таратуға;

11) Алкоголь өнімдерінің тауар белгілерінің бейнелерін кәмелетке толмағандарға арналған жерлерге, сондай-ақ осындай орындар мен ұйымдардан бергі жүз метрден жақын жерге, таксиді қоса алғанда, қоғамдық көлікте орналастыруға тыйым салынады.

2. Алкоголь өнімдерін насихаттайтын теле, радио бағдарламалары мен жарнамалық роликтердің эфирге шығарылуына жергілікті уақыт бойынша 23 сағаттан 06 сағатқа
д е й і н р ұ қ с а т е т і л е д і .

Алкоголь өнімдерін бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалау оның тұжырымдамасын денсаулық сақтау істері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін пайдаланудың зияндығы туралы айқын оқылатын мәтінмен сүйемелденуі тиіс. Бұл сақтандыруға бүкіл жарнама көлемінің он пайызынан кем емес және теледидардағы жарнама ролигі эфирлік уақытының кемінде үш секунды бөлінуі тиіс.

Осы бапта белгіленген алкоголь өнімдерін жарнамалауға қойылатын шектеулердің алкоголь бұйымдарын тарату үшін пайдаланылатын көлік құралдарына, сондай-ақ олардың бөлшек саудасына қатысы жоқ.

3. Темекі және темекі бұйымдарын жарнамалаудың ерекшелігі темекі шегуді алдын алу және оны шектеу туралы Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

4. Дәрі-дәрмек құралдарын медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы, оларды жасауға және (немесе) сатуға лицензиясы болмаған кезде жарнамалауға, сондай-ақ медициналық және дәрігерлік қызметті оны жүзеге асыруға лицензия болмаған кезде жарнамалауға рұқсат етілмейді.

Дәрігерлердің рецепті бойынша босатылатын дәрі-дәрмек құралдары, Қазақстан Республикасында бақылауға жататын Есірткі, психотроптық заттар және прекурсорлар тізіміне енгізілген (I және II кестелер) есірткі және психотроптық заттар жарнамасы тек медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерге арналған мамандандырылған баспа басылымдарында ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Құрамында есірткі немесе психотроптық заттар бар дәрі-дәрмек препараттарының үлгілерін жарнамалау мақсатында таратуға тыйым салынады.

Дәрі-дәрмек құралдарын жарнамалауға рұқсат беру тәртібін денсаулық сақтау істері жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

5. Қызмет қаруын, сондай-ақ экспорты мен импорты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізілетін қару-жарақты, әскери техниканы және екі ұдайы мақсаттағы өнімдерді жарнамалауға тек мамандандырылған басылымдарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізілетін мамандандырылған көрмелерде немесе жәрменкелерде рұқсат етіледі. Көрсетілген жарнама әскери және арнаулы қарудың, қару-жарақтың, әскери техниканың өндіріс

технологиясын, қолдану тәсілдерін тура немесе жанама түрде аспауы тиіс.

14-бап. Қаржы, сақтандыру, инвестициялық қызмет көрсетулерінің және бағалы қағаздарды жарнамалау ерекшеліктері

Жеке және заңды тұлғалардың ақшаларын, сондай-ақ бағалы қағаздарын пайдалануға байланысты қаржы, соның ішінде банктік, сақтандыру, инвестициялық және өзге де қызмет көрсетулеріне жарнама жасау, тарату (орналастыру) кезінде:

1) жарнамаланатын қызмет көрсетулер мен бағалы қағаздарға тікелей

қатысы жоқ ақпаратты жарнамада келтіруге;

2) атаулы жай акциялар бойынша кіріс алуға және дивидендтер мөлшеріне кепілдік беруге;

3) эмиссияларды тіркемей, сондай-ақ бағалы қағаздар эмиссиялары тоқтатылған немесе іске аспады деп танылған кезде бағалы қағаздарды жарнамалауға;

4) қызметтің болашақта тиімділігі (табыстылығы) туралы, соның ішінде бағалы қағаздардың бағамдық құнының өсуін хабарлау жолымен кез келген кепілдіктер, уәделер немесе ұсыныстар беруге;

5) егер жарнамада шарттың қағидалары туралы хабарланатын болса, шарттардың елеулі қағидаларының ең болмағанда біреуін жасырып қалуға тыйым салынады.

15-бап. Жарнама жасау, тарату (орналастыру) кезінде кәмелетке толмағандарды қорғау

Жарнама жасау, тарату (орналастыру) кезінде кәмелетке толмағандардың тәжірибесінің болмауынан олардың сенімін теріс пайдаланудан қорғау мақсатында:

1) ата-аналардың беделін түсіруге, оларға кәмелетке толмағандардың сенімін ж о ғ а л т у ғ а ;

2) ата-аналарды немесе басқа да адамдарды жарнамаланатын өнімдерді сатып алуға үгіттейтін тікелей ұсыныс жасауға ;

3) түрлі өнімдерге ие болуы басқалардың алдында қандай да болсын артықшылық беретініне, сондай-ақ ондай өнімнің жоқтығы керісінше болатынына кәмелетке толмағандардың назарын аударуға ;

4) алдын алу мақсаттары оны ақтамаса, жарнамаға кәмелетке толмағандарды қауіпті жерлер мен жағдайларда көрсететін мәтіндік, көрнекі немесе дыбыстық ақпараттарды о р н а л а с т ы р у ғ а ;

5) кәмелетке толмағандарға арналған тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге

) тікелей қатысы жоқ кәмелетке толмағандардың бейнесін жарнамада көрнекі немесе дыбыстық пайдалануға;

б) кәмелетке толмағандардың өнімді пайдалана білу дағдыларының қажетті деңгейін кемітіп көрсетуге жол берілмейді. Егер өнімді пайдалану нәтижелері көрсетілген немесе сипатталған жағдайда, жарнама өнім арналған жастағы кәмелетке толмағандар тобы нақты қол жеткізе алатын ақпарат беруі тиіс;

7) кәмелетке толмағандарға арналған өнімнің құны (бағасы) туралы, сондай-ақ жарнамаланатын өнімге кез келген отбасы бюджеті қол жеткізуге болады деген тура немесе жанама нұсқау арқылы кәмелетке толмағандарда шындыққа жанаспайтын (бұрмаланған) түсінік қалыптастыруға жол берілмейді.

16-бап. Жарнамасы бар материалдарды сақтау мерзімдері

Жарнама берушілер, жарнама жасаушылар және жарнама таратушылар жарнамасы бар материалдарды немесе олардың көшірмелерін, оларға кейіннен енгізілетін өзгерістерді қоса алғанда, жарнаманың соңғы тараған күнінен бастап кемінде үш ай сақтауы тиіс.

17-бап. Жарнамалық ақпаратты табыс ету

1. Жарнамалық және жарнамаланатын ақпараттың деректі растамасын жарнама жасаушы және жарнама таратушы талап етуге, ал жарнама беруші ұсынуға міндетті.

2. Жарнаманы жасау мен тарату (орналастыру) кезінде жарнама жасаушы және жарнама таратушы жарнама берушіге соңғысының талаптарын сақтау Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңдарын бұзуға әкеп соғуы мүмкін жағдайлар туралы уақытылы ескертуге міндетті.

3. Егер жарнама беруші ескертуге қарамастан өзінің жарнамаға қоятын талабын өзгертпесе не өзінің жарнамалық және (немесе) жарнамаланатын ақпараты шынайылығының деректі растамасын ұсынбаса не жарнаманы жөнсіз етуі мүмкін өзге де мән-жайларды жоймаса, жарнама жасаушы және (немесе) жарнама таратушы, егер шартта өзгеше көзделмесе, белгіленген тәртіппен шартты бұзуға және залалдың толық өтеуін талап етуге құқылы.

4. Жарнама беруші, жарнама жасаушы және жарнама таратушы заңдарда белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органдардың талабы бойынша көрсетілген тұлғалардың осы Заң талаптарын орындамауына қатысты қажетті ақпарат беруге міндетті.

4-тарау. Жарнама туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық

1. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылған (орналастырылған) кезінде Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңдарын бұзу фактісі анықталған жағдайда, бұзушылыққа жол берген тұлға мұндай жарнаманы заңдарда белгіленген тәртіппен дереу тоқтатуға және теріске шығаруды жүзеге асыруы міндетті. Бұл ретте, теріске шығару бойынша шығатын шығыстардың барлығын бұзушылыққа жол берген тұлға көтереді.

2. Теріске шығару жөнсіз жарнаманы теріске шығаратын дәл сол тарату (орналастыру) құралдарымен ұзақтығының, кеңістігінің, орнының және тәртібінің дәл сол сипаттамалары пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

19-бап. Жарнама туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық

1. Жарнама беруші жарнама туралы заңдарды бұзғаны үшін, егер ол

жарнама жасаушының және жарнама таратушының кінәсінен болғаны дәлелденбесе оның мазмұнына қатысты жауаптылық көтереді.

2. Жарнама жасаушы жарнама туралы заңдарды бұзғаны үшін жарнаманы ресімдеуге немесе жасауға қатысты жауаптылық көтереді.

Жарнама таратушы жарнама туралы заңдарды бұзғаны үшін жарнама орналастырудың уақытына, орнына және тәсіліне қатысты жауаптылық көтереді.

3. Осы Заңның 1, 2, 3-тармақтарында аталған тұлғалардың жауаптылығы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен белгіленеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК